



ҚАРЖЫҒЕРЛЕРГЕ
ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТІЛДІ

» 2



ЖАСЫЛ ЕЛ -
ЖАСТАР
ТІРЕГІ

» 6



Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.

Төле би

ШУ ӨНІРІ

Шуская долина

№92 (9895)

СЕНБІ

16 ҚАРАША,
2024 ЖЫЛ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы)

WWW.SHUONIRI.KZ

Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАКУДЕГІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КЛИМАТ САММИТІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылшы тараптардың 29-шы конференциясы аясында өтіп жатқан климат саласындағы іс-қимыл жөніндегі әлем көшбасшыларының саммитіне қатысты.

Пленарлық сессияның ашылуынан кейінгі алғашқы сөз Қазақстан Президентіне берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Қазақстан жаһандық климат күн тәртібін қолдайтынын растап, табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің өз алдына 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде биік мақсат қойғанын еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл міндетті орындау үшін нақты қаржыландыру көздері мен заманауи технологияларға арқа

сүйейтінін айтты. Сондай-ақ «Климаттық қаржыландыру бойынша жаңа ұжымдық мақсат» (NCOG) аясында табиғат өзгерістеріне осал аймақтарға, әсіресе, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге айрықша мән берілуі қажеттігіне тоқталды.

– Әлемдегі зиянды шығарындылардың 1 пайызы ғана Орталық Азия елдеріне тиесілі. Соған қарамастан бұл аймақ көптеген климаттық қатерге ұшырап отыр. Табиғаттағы өзгерістерге қарай әрекет ету шараларының тиімділігін арттыру үшін біз жасанды интеллект, жерсерік арқылы мониторингтің озық технологияларын, қауіпті алдын ала ескертетін, су және жер

ресурстарын анағұрлым тиімді басқаратын басқа да цифрлық құралдарды белсенді қолдануға тиіспіз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға көшу маңызды екенін жеткізді. Қазақстан «көміртекті егіншілікке», яғни ауаға таралатын парниктік газдардың мөлшерін азайту және топырақты құнарландыру арқылы ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін енгізуге қай жағынан да қолайлы мемлекет. Бұған еліміздегі ауыл шаруашылығына жарамды 200 миллион гектар жер мүмкіндік береді. Президент қызығушылық танытқан тараптарды Қазақстанның осы саладағы әлеуетін зерттеуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев дүние жүзіндегі су ресурстарына қатысты проблемаға тоқталды.

– Климаттың өзгеруі жаһандық су цикліне әсер етіп отыр. Әлемдегі табиғат апаттарының 80 пайыздан астамы су төңірегінде орын алады. Биыл біздің еліміз бұрын-соңды болмаған алапат су тасқынымен бетпе-бет келді. Келешекте осындай төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етіп, одан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарын тез атқару үшін қауіп-қатерді басқарудың кешенді жүйесін енгіземіз. Су мәселесіне жаһан назарын аудару мақсатында биыл желтоқсан айында Франциямен бірлесіп, One Water саммитін өткіземіз. Форумға қатысушылар су ресурстарын жаһандық деңгейде басқару мәселелерін талқылайды. Бүгінде Каспий теңізіне қауіп төніп тұр. Әлемдегі ең үлкен көлді құтқару – баршаға ортақ міндет әрі бұл ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Осы орайда Президент Ильхам Әлиевтің Каспий маңы мемлекеттерінің сарапшылар тобын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Сонымен қатар Қазақстан Арал теңізін құтқару үшін нақты шаралар қабылдап жатыр, – деді Президент.

Ақорда kz

ҮКІМЕТ

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН МЕТАЛДАР САЛАСЫН ДАМУҒА ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ



Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау мақсатында сирек және жерде сирек кездесетін металдар саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Саланы дамыту Қазақстанның әлемдік нарықтағы позициясын нығайтуға, технологиялар мен капитал тартуға, сондай-ақ экономиканың жаңа секторларындағы жеткізу тізбегіне қатысуды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев ағымдағы жағдай мен қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Қазақстанда бериллий, скандий өндіретін әлемдегі толық циклді үш зауыттың бірі, сондай-ақ тантал мен ниобий өндіретін жаһандық төрт өндірістің бірі орналасқан. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәлімдеуінше, еліміздің металлургия зауыттарында висмут, сүрме, селен және теллурид өндіріледі, алюминий тотығынан галлий, полиметалл шикізатынан индий алу технологиясы бар. Биылғы қараша айында Алматы облысындағы қуаты 3,3 млн тоннаға дейін жететін Бұғыты кен орнында вольфрам концентраты өндірісі іске қосылды. Жобаға салынған инвестицияның жалпы құны \$350 млн-ды құрады.

Батарея материалдарын, тұрақты магниттерді өндіру, ресайклинг әдісі және ыстыққа төзімді қорытпаларды өндіру секторларын дамытуға назар аударылды. Қажетті металдарды өндіру және қайта өңдеу бойынша жобалар іске асырылуда. Мәселен, әлемдегі ең ірі Сарытоған кен орындарының бірінде дайын өнімге жеткізумен графит концентратын өндіру жоспарлануда. 2024 жылдан бастап Қазақстанда марганец сульфаты моногидраты шығарылады, ол әлемдік нарықтың 5 пайызын қамтиды. Сондай-ақ Германияның Bergbau AG компаниясымен литий кен орындарын игеру бойынша жобалар іске асырылуда. Кореяның KIGAM институты Шығыс Қазақстан облысында литийге геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізуде.

ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі.

СҮЙІНШІ!

АУЫЛЫНА ҚАРАП, АЗАМАТЫН ТАНЫ



Халқымызда “Сұңқар жемін шашып жейді” деген даналық сөз бар. Әдетте бұл теңеу елге пайдасы тиетін, атымтай жомарт жандарға бағытталып айтылып жатады. Мұндай азаматтар Шу өңірінде де аз емес. Сондай сом тұлғалардың бірі - Азамат Әшімханов. Азамат Рашидұлы осы аптада өзі туып-өскен Балуан Шолақ ауылында құны 190 млн теңге болатын заманауи әмбебап спорт кешенін салып, туған жеріне тарту етті. Бұл спорт кешенінің қазығын осыдан 6 жыл бұрын қазақ мақтанышы, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, грек-рим күресінің палуаны Жақсылық Үшкемпіров қаққан екен. Содан бері ыждағатпен жүргізілген жұмыс мәресіне жетіп, есігін елге айқара ашты.



**Байжан ЕМБЕРДІ,
«Шу өңірі»**

Жұма күні құрметті қонақтардың қатысуымен “Рашид ата” спорт кешенінің ашылуы салтанатты түрде өтіп, ауылдың аспаны думанға бөленді. Балуаншолақтықтардың қуанышын Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Серік Сәлемов бөлісе келді.

Аймақ басшысы Е.Қарашөкеевтің сәлемін жеткізген Серік Жақсылықұлы

жомарт жерлесіміздің игі ісі үшін ризашылығын жеткізді.

Сайын даланың сайыпқыраны, бұла күштің иесі, композитор Балуан Шолақ Баймырзаұлының 160 жылдығы тұсында тарту болған спорт кешенінің құрылысын жүргізген мердігер “Автономный Энерго Комплекс” ЖШС басшысы Нұртас Найманбай көпшіліктің алдында Айтжан Әшімхановқа символикалық кілтті табыстады.

Сонымен қатар, ауыл әкімі Д.Сандыбаев ауыл тұрғындары аты-

нан меценатқа тұлпар мінгізді.

Бұдан соң маңызды сәтке кезек беріліп, жаңа спорт кешенінің лентасы қиылды. Бұл құрмет облыс әкімінің орынбасары С.Сәлемов пен Ж.Үшкемпіровтың жары К.Мұқашқызына берілді.

Әрбір қадамды ақ батамен бастаған халықдәстүріне сай Рашид ақсақалдың көзін көрген замандасы, ауылдың қадірлі қариясы Нұрсұлтан ата білегін түріп, ақ батасын берсе, ақ жаулықты аналар құт тілеп, шашуларын шашты.

Мұнан кейін меймандар ішке еніп, зәулім ғимаратпен танысты. Одан бөлек, жас спортшылар жаңа кешенде алғашқы жаттығуларын жұртшылыққа паш етті. Ауылдың ажарына айналып үлгерген, аумағы 800 шаршы метрді құрайтын спорт нысаны бір мезетте 80 шәкіртті қабылдай алады. Мұнда ауылдың болашақ чемпиондары футбол, волейбол, баскетбол мен күрес т.б. машһур спорт түрімен айналыса алады. Одан бөлек, ұлдар мен қыздарға арналған киіну

және жуыну бөлмесі қарастырылған.

Ауылдың тайлы-туяғына дейін қуанышқа кенелген күні қазақ эстрадасының жарқын жұлдыздары Наркенже Серікбаева, “Меломен” тобы мен Данияр Төре сынды өнерпаздар мен аудандық Мәдениет үйінің әртістері сазды бағдарлама ұсынды.

Осылайша, Шу ауданында спорт кешендерінің қатары артып, заманауи үлгідегі нысанның саны 5-ке жетіп отыр. Алдағы уақытта жерлестеріміз Бірлік ауылы мен Шу қаласында салынып жатқан ангар типтес спорт кешенінің игілігін көреді деген үміт бар.

Ауылына қарап, азаматын танытынымыз анық. Бүгінгі таңда Балуан Шолақ ауылының біршама мұң-мұқтажы шешімін тауып, келбеті келісе түскен. Мұнда өз бабалардың “Жомарт деп айтса болады, Сұратпай өзі бергенді” дегені ойға оралады. Өскелең ұрпаққа өнеге көрсетіп отырған бұл ауылдың азаматтарына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

*Аудан әкімі
Б. Жәнібековтің
Ұлттық валюта - теңге
және қаржыгерлер
күнімен құттықтауы*

15 қараша – Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгізілген күні. Аудан халқын осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Егемен еліміз үшін бұл мерекенің маңызы зор, мәні айрықша. Себебі, төл теңге тәуелсіздігіміздің төлқұжаты іспетті, әлем елдерінің алдында әрдайым азаттығымызды айқындап тұрады.

Биыл ұлттық валютамыздың айналымға енгеніне 31 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында еліміз бастан өткерген дағдарыстар тұсында төл теңгеміз талай мәрте құлдыраса да, құрдымға кетпей, құнын сақтап қалды.

Бұл ретте ел экономикасының еңселі болуына сүбелі үлес қосып жүрген қаржыгерлер еңбегін айтпай кетуге есте болмайды. Бүгін қаржы саласының мамандары үшін айтулы күн. Өйткені 1993 жылы ел Президенті қаржыгерлердің кәсіби мерекесін дәл осы күнге белгілеген болатын. Сондықтан ауданымыздағы қаржы саласының мамандарын кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Құрметті қаржыгерлер, сіздерге аудан экономикасына қосып жатқан ерекше еңбектеріңіз үшін айрықша алғыс айтамын. Алдағы уақытта да аудан экономикасының қаржы әлеуетін дамытуға және күшейтуге көп күш саласыздар деген сенімдемін. Еңбектеріңіздің жемісті болып, қаржылық қызметте тұрақтылық пен жаңа белестерге жете беріңіздер.

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

МЕРЕКЕ ІЗІМЕН

ҚАРЖЫГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Еліміздің қаржыгерлері жыл сайын 15 қарашада төл мерекелерін атап өтеді. Себебі осыдан 31 жыл бұрын ұлттық валюта туралы жарлыққа қол қойылып, ел аумағында теңге айналымға енгізілді. Сол уақыттан бері төл теңгеміз тұғырлы тәуелсіздіктің, ел егемендігінің ай-барына айналды.

Әрине, қаржыгер болу жауапкершілігі зор жұмыс. Себебі сеніп тапсырылған әрбір тиынды өз орнына жұмсап, мемлекеттік жүйеге мүлтіксіз қызмет ету оңай шаруа емес. Сондықтан аманат арқалаған жан-дар әрқашан құрметке лайықты.



Байжан ЕМБЕРДІ,
«Шу өңірі»

Аталмыш кәсіби мерекеге орай, аудан әкімдігінің мәжіліс залында салтанатты жиын өтіп, қаржы саласының қызметкерлері құрметке бөленді. Жиынға төрағалық еткен аудан әкімінің орынбасары Серік Сәрсенбеков сала мамандарының еселі еңбектерін жоғары бағалап, өңір экономикасына қосқан үлестері үшін алғыс білдірді.

-1993 жылы Президент Жарлығымен Ұлттық валюта – теңге айналымға енді. Бұл күн Қазақстан тарихындағы атаулы күндердің біріне, ал, теңге – біздің ел Тәуелсіздігі мен мемлекеттілігіміздің басты белгісіне айналды.

Бұл орайда қаржы органдары қызметкерлерінің еңбегін атап өтпеске болмайды. Сіздердің аудан әлеуетін арттыруға жұмсаған жігерлеріңізге алғыс айтып, еңбектеріңізді ерекше бағалаймыз.

Бұл күн еліміздің қаржы саласында еңбек етіп жүрген барлық азаматтар үшін маңызды әрі ерекше мереке. Еліміздің экономикалық тұрақтылығы мен өркендеуіне сіздердің қосқан үлестеріңіз орасан зор. Әр күн сайын аянбай еңбек етіп, ел экономикасының дамуына өз үлестеріңізді қосып келесіздер,- деді Серік Жұмалыұлы.

Жылы лебіздер соңы марапаттау рәсіміне ұласып, ауданның әлеуметтік-экономикалық динамикасына оң септігін тигізіп, қаржы саласының қарқынды дамуына атсалысқан мереке иелеріне “Шу ауданына сіңірген еңбегі үшін” төсбелгісі, Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттар табыс етілді.

Сондай-ақ, бірқатар қаржыгерлер аудандық мәслихат пен “AMANAT” партиясы аудандық филиалының Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына ие болды.

Өз кезегінде құрмет құшағына бөленген қаржыгерлер ізгі ілтипат көрсеткен аудан басшылығына алғысын білдіріп, әріптестеріне ақжарма тілегін жеткізді.

Шу ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 9 айлық көрсеткішіне сәйкес сауда айналымы - 19,5 млрд теңгені құраса, аудан бюджетінің кіріс бөлігі бойынша 12,2 млрд теңге түскен. Ал шығыс бөлігі бойынша көрсеткіш 10,7 млрд теңгеге жеткен.



Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 11 қазандағы №16 қаулысына сәйкес №18 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жамбыл облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының 15-тармағына сәйкес, Шу ауданы аумағында барлық кандидаттарға арналған үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Ауылдық округтер және елді мекен атаулары	Кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Шу қаласы	Арқалық көшесі №1, «Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қалалық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдындағы қалқан Қ.Сәтпаев көшесі №155, «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Шу қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының оң жағындағы қалқан Айнакөл көшесі №25, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№10 Шу колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдындағы қалқан Ө.Орынбаев көшесі №4, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің №40 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан Сыпатай батыр көшесі №134, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің А.Байтұрсынұлы атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан Қ.Сәтбаев көшесі №213, «ПУЛЬС И К» дәріханасының сол жағындағы қалқан Айнабұлақ көшесі №13, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан Қарасу көшесі №2, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Антон Семенович Макаренко атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан Т.Досұмов көшесі №2, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан
2	Төле би ауылдық округі	Төле би ауылы, Төле би көшесі №173, «Жамбыл облысы, Шу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» ғимаратының оң жағындағы қалқан Төле би ауылы, Балуан Шолақ көшесі №49а, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің «Қуаныш» бөбекжай- бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанындағы қалқан Төле би ауылы, Мамбетаева көшесі №10, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Әл-Фараби атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан Төле би ауылы, Егемберді көшесі №2а, «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Шу аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының жанындағы қалқан
3	Алға ауылдық округі	Жайсан ауылы, С.Шәкіров көшесі №5, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Жайсан орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы қалқан Алға ауылы, Қарашаш көшесі №47, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Амангелді атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы қалқан Сауытбек ауылы, Қыдырбай көшесі №25, «Шу аудандық мәдениет үйіне қарасты Сауытбек ауылдық клубы» ғимараты жанындағы қалқан
4	Ақсу ауылдық округі	Оразалы батыр ауылы, Жұпарбай көшесі №1, «Шу аудандық мәдениет үйіне қарасты Оразалы батыр ауылдық клубы» ғимараты жанындағы қалқан Ақсу ауылы, Қ.Белеш көшесі №2а, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Ж.Баласағұн атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан
5	Тасөткел ауылдық округі	Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №7, «Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасөткел ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан
6	Өндіріс ауылдық округі	Абай ауылы, Жақсыбай Жантөбетов көшесі №57, «Жамбыл облысы, Шу ауданы, Өндіріс ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдындағы қалқан

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТТЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалған №18 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жамбыл облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына келесі кандидаттар тіркелгендігі жөнінде хабарлама.

1. Қиыбай Нұрзат Манатбекұлы, 1995 жылы туған, Шу аудандық Жастар орталығы директорының орынбасары. Шу ауданы, Бөлітік ауылының тұрғыны. Қазақ. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

2. Құрманғазыұлы Ақжол, 1992 жылы туған, Шу ауданы, «Мансап орталығы» филиалы директорының орынбасары. Шу ауданы, Жиенбет ауылының тұрғыны. Қазақ. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

3. Адилов Нұржан Ахметович, 1981 жылы туған, жеке кәсіпкер. Шу ауданы, Шу қаласының тұрғыны. Қазақ. «AMANAT» партиясы ұсынған.

№18 округтік сайлау комиссиясы.

№18 сайлау округі бойынша Жамбыл облыстық мәслихаты депутаттығына кандидаттардың Шу ауданындағы сайлаушылармен кездесу өткізу кестесі (бір мандаттық жүйе бойынша)

(2024 жылғы 13 қараша – 6 желтоқсан аралығы)

Кандидаттың аты-жөні	қараша									
	14 бейсенбі	15 жұма	18 дүйсенбі	19 сейсенбі	20 сәрсенбі	21 бейсенбі	22 жұма	25 дүйсенбі	26 сейсенбі	27 сәрсенбі
Н.А.Адилов	12.00 Абай ауылы, Абай орта мектебінің ғимараты		12.00 Төле би ауылы, М.Мақатаев атындағы тірек орта мектебі		12.00 Төле би ауылы, аудандық мәдениет үйінің ғимараты		15.00 Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінің ғимараты		15.00 Ақсу ауылы, Белеш көшесі №2а, Ж.Баласағұн атындағы орта мектебінің ғимараты	
Н.М.Қиыбай		12.00 Абай ауылы, Абай орта мектебінің ғимараты		12.00 Төле би ауылы, М.Мақатаев атындағы тірек орта мектебі		12.00 Төле би ауылы, аудандық мәдениет үйінің ғимараты		15.00 Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінің ғимараты		15.00 Ақсу ауылы, Белеш көшесі №2а, Ж.Баласағұн атындағы орта мектебінің ғимараты
А.Құрманғазыұлы	15.00 Ақсу ауылы, Белеш көшесі №2а, Ж.Баласағұн атындағы орта мектебінің ғимараты		12.00 Абай ауылы, Абай орта мектебінің ғимараты		12.00 Төле би ауылы, М.Мақатаев атындағы тірек орта мектебі		12.00 Төле би ауылы, аудандық мәдениет үйінің ғимараты		15.00 Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінің ғимараты	

Кандидаттың аты-жөні	қараша		желтоқсан				
	28 бейсенбі	29 жұма	2 дүйсенбі	3 сейсенбі	4 сәрсенбі	5 бейсенбі	6 жұма
Н.А.Адилов	10.00 Сауытбек ауылы, Қыдырбай көшесі №5 ауылдық клуб		10.00 Шу қаласы, №40 мектеп ғимараты	12.00 Оразалы батыр ауылы, ауылдық клуб ғимараты		11.00 Шу қаласы, қалалық мәдениет үйінің ғимараты	
Н.М.Қиыбай		10.00 Сауытбек ауылы, Қыдырбай көшесі №5 ауылдық клуб		10.00 Шу қаласы, №40 мектеп ғимараты	12.00 Оразалы батыр ауылы, ауылдық клуб ғимараты		11.00 Шу қаласы, қалалық мәдениет үйінің ғимараты
А.Құрманғазыұлы	10.00 Алға ауылы, Амангелді орта мектебінің ғимараты		10.00 Сауытбек ауылы, Қыдырбай көшесі №5 ауылдық клуб		10.00 Шу қаласы, №40 мектеп ғимараты	12.00 Оразалы батыр ауылы, ауылдық клуб ғимараты	

Жазылым

ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Ауданымыздың кез келген тұрғыны төменде көрсетілген нөмірге «whatsapp» қосымшасы арқылы хабарласып, «Шу өңірі»-«Шұсқая доли-на» газетіне онлайн жазылуына болады.

Сондай-ақ, газетке жазылу «Аудандық баспа үйі» мен «Қазпошта» АҚ Шу аудандық филиа-лында жүргізіледі.

Оған қоса, басылымға жазылған әрбір адам үшін газетіміздегі мақала, құттықтау, көңіл айту, алғыс айту, хабарландыру сынды ақылы қызметтерге жеңілдіктер қарастырылған.Ол үшін қолыңызда газетке жазылғаныңызды рас-тайтын түбіртектің болуы жеткілікті.

Газетке онлайн жазылу үшін 87023354325 нөміріне «whatsapp» қосымшасы арқылы хабар-ласып, нақты мәлімет аласыз.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА №18 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
ҮМІТКЕРЛЕР

АДИЛОВ НҰРЖАН АХМЕТҰЛЫ

Өмірбаяны



Адилов Нұржан Ахметұлы 1981 жылы 16 ақпанда Шу ауданы, Алға ауылында дүниеге келген.

2002 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша аяқтаған.

2002-2006 жылдары Жамбыл облысы, Жамбыл ауданында прокурордың көмекшісі, аға көмекшісі;

2006-2009 жылдары Жамбыл облысы, Қордай ауданында прокурордың көмекшісі, аға көмекшісі;

04.2009-11.2009 жыл аралығында Тараз қаласындағы Жамбыл облыстық прокуратурасының басқарма прокуроры;

2009-2010 жылдары Жамбыл облысы, Шу ауданааралық прокурорының орынбасары;

2010-2012 жылдары Жамбыл облысы, Сарысу ауданының прокуроры;

2012-2015 жылдары Жамбыл облысы, Жуалы ауданының прокуроры;

2015-2020 жылдары Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданының прокуроры;

2020-2023 жылдары Жамбыл облысы, Талас ауданының прокуроры;

2023 жылдан бастап жеке кәсіпкер.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен Шу ауданынан облыстық мәслихат депутаттығына сайланған жағдайда, келесі өзекті мәселелерді шешуді қолға аламын:

- Шу қаласында жаңадан кәріз жүйесін іске қосу;
- Төле би ауылы тұрғындарының табиғи газға толық қосылу мәселесін қолға алу;
- 2025 жылға Сауытбек ауылының ауыз сумен толықтай қамтылуына ықпал ету;
- Шу қаласының ішкі көшелерін жөндеуден өткізу, түнгі жарықтандыру мәселесін шешу;
- Шу қаласындағы «Теміржолшылар» және «Жеңіс» саябақтарын және Төле би ауылындағы М.Жүнісәлиев атындағы саябақты абаттандыру, қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу;
- Жастарға қолдау көрсетіп, тұрғын үймен, жұмыспен қамтуды қолға алу;
- Ауылдық елді мекендерде спорт нысандарының санын арттыру, тұрғындардың кедергісіз спортпен шұғылдануына жағдай жасау;
- Елді мекендердегі электр желілері мен бағаналарын ауыстыру мәселелерінің шешімін табуға жұмыс жасайтын боламын.
- Шу қаласындағы әскери қалашықтағы көпқабатты үйлерді инвестиция тарту арқылы қалпына келтірумен айналасамын.

Кандидатқа бөлінген қаражат есебінен төленді

ҚИЛЫБАЙ НҰРЗАТ МАНАТБЕКҰЛЫ

Өмірбаяны



Қилыбай Нұрзат Манатбекұлы 1995 жылы 21 ақпанда Жамбыл облысы, Шу ауданы, Бөлтірік ауылында дүниеге келген.

2015 жылы Халықаралық бизнес және коммуникациялар колледжін «Техник-бағдарламашы» мамандығы бойынша, 2018 жылы Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша тәмамдады.

2015 жылы Шу ауданы әкімдігі, ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де Дулат ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі инспекторы;

2019 жылы Шу ауданы әкімдігі, ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де ұйымдастыру және бақылау бөлімінің басшысы;

2020 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында Шу ауданы әкімінің баспасөз хатшысы;

2022-2023 жылдары Шу ауданы әкімдігі, ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыру және бақылау бөлімінің басшысы.

2023 жылдың қыркүйек айынан Шу ауданы әкімдігі, ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» директорының орынбасары қызметін атқаруда.

Үйленген, екі бала тәрбиелеуде.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті №18 сайлау округінің дауыс берушілері!
Ауданнан облыстық мәслихат депутаттығына сайланған жағдайда әлеуметтік маңызды мәселелерге ден қоймақпын.

Әйел азаматтарға қатысты зорлық-зомбылық қазіргі таңдағы адам құқығы бұзылуының ең жойқын көріністерінің бірі. Осы орайда тұрмыстық зорлыққа жол берілмеуіне, зорлық-зомбылықты бастан кешірген адамдарға және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алуға және оған ден қоюға бағытталған көп қырлы

тәсілді нығайтуға ықпал жасаймын.

Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстаймын.

Халықты ауызбіршілік пен татулыққа шақыра отырып, ынтымақты түрде жұмыс жасаймын.

Әрдайым сайлаушылармен берік байланыс орнатып, туындаған мәселелердің түпкілікті шешімін табуға депутат ретінде атсалысамын.

Кандидатқа бөлінген қаражат есебінен төленді

ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ АҚЖОЛ

Өмірбаяны



Ақжол Құрманғазыұлы 1992 жылы 25 қыркүйекте Жамбыл облысы, Шу ауданы, Жиенбет ауылында дүниеге келген.

2015 жылы «Қаржы» мамандығы бойынша Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетін бітірген.

Еңбек жолын 2012 жылы Шу ауданының салық басқармасында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасымен бастады.

2013-2015 жылдары Шу ауданы әкімдігі, экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің ин-

спекторы;

2015-2019 жылдары Шу аудандық Жұмыспен қамту орталығының маманы;

2019-2023 жылдары Шу аудандық Жұмыспен қамту орталығының сектор меңгерушісі.

2023 жылдан «Еңбек ұтқырлығы орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шу ауданы бойынша филиалы директорының орынбасары қызметін атқаруда.

Үйленген, екі бала тәрбиелеуде.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірлі қала тұрғындары, №18 сайлау округінің дауыс берушілері!

Облыстық мәслихат депутаты болуға бақ сынамақпын! Осы өңірдің перзенті ретінде халыққа аянбай қызмет ету бағдарламамның басты бағыты болмақ. Ел сеніміне ие болып, халық қалаулысы атансам, алдағы жылдарда төмендегі мәселелердің шешімін табуға ықпал ететін боламын:

Әуелі жергілікті тұрғындармен кездесіп, ауыл ішіндегі мәселелерді назарға алатын боламын.

-Шу қаласындағы және ауылдардағы асфальтталмаған көшелерге асфальт төселуін, жұмыстардың сапалы орында-

луын бақылауда ұстау;

-ел арасында еңбек адамдарын дәріптеп, жастарды еңбекқорлыққа баулитын бастамалар көтеру;

-Шу қаласының «Батыс» аумағындағы кәріз жүйесін жөндеу жұмыстарына ықпал етіп, экологиялық мәселелерді қолға алу;

-жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалардың жүйелі орындалуын бақылауға алу;

-халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау сынды өзекті мәселелерді қолға алатын боламын.

Кандидатқа бөлінген қаражат есебінен төленді

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2024 жылдың 3 желтоқсанынан бастап **«Шатырқөл» кенішінде тау-кен жұмыстарын жүргізу салдарын жою жоспары**» жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы.

Бұрыштық нүктелердің координаттары						
Нүктелердің координаттары	Солтүстік ендік			Шығыс ендік		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	43	35	40	74	14	15
2	43	36	27	74	14	23
3	43	37	15	74	14	31
4	43	37	53	74	14	21
5	43	38	04	74	13	59
6	43	37	35	74	15	02
7	43	37	27	74	14	38
8	43	36	52	74	15	03
9	43	37	38	74	16	00
10	43	37	47	74	16	53
11	43	37	23	74	16	09
12	43	36	37,07	74	15	45,5
13	43	36	27,09	74	15	18,04
14	43	35	40	74	14	34

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С. Аманкелдина, тел. 8(7212) 95-74-01.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БСН: 060641009902. Өкілі: Д.Т.Бакбергенов, тел. 8 (7102) 557671, эл. мекенжайы: Daniyar.Bakbergenov@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары esportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап <https://esportal.kz> сілтеме бойынша 10 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Daniyar.Bakbergenov@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 557671 телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ХАБАРЛАМА

Шу ауданы аумағында үстіміздегі жылдың қараша айының 15-17 күндері аралығында «Борышкер-2024» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізу басталды.

Осыған байланысты, құрметті аудан тұрғындары мен қоңақтары, салынған айыппұлдарды уақытылы төлеулеріңізді ескертеміз.

Шу аудандық полиция бөлімі.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қосқудық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 91 бабы, 1 тармағына сәйкес сексеуіл екпелерінде халық өzdігінен құраған сексеуіл отынын жинай алмайтындықтан, құраған сексеуіл ағашын жинау мен сатуды есептелген калькуляция негізінде жүзеге асырады.

Ол үшін 2024-2025 жылғы қысқы маусымда отындық сексеуіл қоқыстарын қажет ететін жеке тұлғалар, көлемін (қысқы маусымда әрбір түтіннің сексеуіл пайдалану көлемі 4 (төрт) текше метр болып белгіленген) көрсете отырып, Төле би ауылдық әкімдігіне жазбаша өтінішті 2024 жылдың 15 қарашасына дейін бере алады. Қажетті құжаттар: жеке куәлігінің көшірмесі, өтініш.

Отініш қабылдау орны: Төле би ауылдық әкімшілігі ғимараты. Тел: 8(72638) 3-16-40.

МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Сманов Молдағали Күпесбаевичтің 2024 жылдың 12 қазанында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет.

Тел.: 2-36-29, 87017406280.

xxx

Ридванов Бахтияр Сардалоглының 2024 жылдың 23 тамызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би көшесі, 1а үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус К.Даулбаев) жолығулары қажет.

Жұмыс тел.: 3-28-42, ұялы 87785703332.

xxx

Клименко Сергей Анатольевичтің 2024 жылдың 2 шілдесінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би к-сі, 264 үйде («Қонақ үй») орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Ж.Ажмағамбетова) жолығулары қажет.

xxx

Нурпейсов Еркинбек Смайыловичтің 2024 жылдың 20 ақпанында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би көшесі, 1а үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус К.Даулбаев) жолығулары қажет.

Жұмыс тел.: 3-28-42, ұялы 87785703332.

xxx

Ауельбаева Айнуыр Қонырбаевнаның 2024 жылдың 31 тамызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Балун Шолақ к-сі, 12 А үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Г.Атабаева) жолығулары қажет.

ҚҰРМЕТ

ҚОҒАМНЫҢ
ӘР МҮШЕСІ
ҚЫМБАТ

Осы аптада Халықаралық зағиптар күні аталып өтті. Бұл дата 1745 жылдың 13 қарашасы күні Валентин Гаюидың дүниеге келген күнімен байланысты. Ол Париж бен Петербургте зағиптарға арналған бірнеше мектептің іргетасын қалаған танымал педагог. Мейірімді Толкумбаеваның иелігіндегі “Бастау” мейрамханасында өткен мерекелік шарада аудан әкімінің орынбасары Серік Сәрсенбеков ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар шулықтарға Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын тапсырды.

Сондай-ақ зағип жандарға зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеп, аудан әкімі Бақытжан Жәнібеков пен аудандық мәслихат төрағасы Жасұлан Әбенов асыға жетті. Өзінің ізгі тілегін жеткізген аудан басшысы мереке иелеріне қоғамдық шараларға белсене қатысып жүргендері үшін алғысын жеткізді.

“Біздің қоғамымыздың маңызды міндеті – әрбір азаматқа қолдау көрсету, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау және олардың лайықты өмір сүруіне барлық жағдайды жасау. Осы орайда, өңірімізде зағип және көру қабілеті төмен азаматтарға қажетті жағдайлар жасау, инфрақұрылымды бейімдеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді”, деді Бақытжан Оразалыұлы өзінің лебізінде.

Сонымен қатар, шара соңында аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, жиналғандардың құлақ құрышын қандырды. Атап айтқанда, аға буынға арнап Ермахан Азаматов бастаған әртістер қоңыр домбыраның күмбірін естіртті. Кереметтей кештен ерекше әсер алған мүмкіндігі шектеулі шулықтар ұтымды ұйымдастырған шара үшін аудан басшылығы мен деңдар демеушілерге өз алғысын білдірді.

Тағы бір айта кетерлік жайт, жиналған қауымға “Шу қайырымды жандардан көмек” қорының жетекшісі Шолпан Балқожаева азық-түлік себеттерін таратты. Сонымен қатар көпшіліктің көңілін серпілтен кештің өтуіне мұрындық болған аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі екенін атап өткен жөн.

“Қазақ соқырлар қоғамы” қоғамдық бірлестігінің Шу ауданындағы өкілдік басшысы Айгүл Турдалиеваның айтуынша, өңірлік ұйымға 60 адам тіркелген. Олардың арасында І, ІІ, ІІІ топ мүгедектігі бар азаматтар бар.

ИГІ БАСТАМА

Өмірге перзент шыр етіп келген күннен-ақ құлағына әлди әуенмен “Сұрауы бар судың да” деп үнемшілдік қасиетті дарытатын текті халқымыз ұрпағы есейе келе оның бойына “Бір тал кессең, он тал ек”, “Атадан мал қалғанша, тал қалсын” деп оңды тәрбиені дарытып, табиғатпен үндесуге баулиды. Биология, география сияқты ілімдер шықпай тұрып-ақ орманның қажеттілігін білген ата-бабаларымыз көктем келісімен жас бұтаны жерге тігіп, оның пайдасы ұшан-теңіз болатындығын дәлелдеп кеткен. Тамырын тереңге жайған ағаштар жердің бұзылуынан, ауаның бұзылуынан сақтап, экологияға оң әсерін тигізеді.

ЖАСЫЛ ЕЛ - ЖАСТАР ТІРЕГІ

Айғаным АСҚАРБЕК,
«Шу өңірі»

Соны жақсы білген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың басты бағыттарының бірі ретінде көгалдандыру мен қоршаған ортаны қорғауды негізге алып, 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын бастаған болатын. Көміртегінің жұтылуын арттырып, шөлейттенуді тежеу мақсатында бес жылдың ішінде ормандарға 2 миллиардтан астам ағаш және елді мекендерге 15 миллион ағаш егу жөніндегі ауқымды жұмыс жүзеге асырылып жатыр.

«Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек. Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет. 2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс. Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз», - деп тапсырды Мемлекет басшысы өз Жолдауында.

Сөз басында табиғатты қорғау, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау, сарқылмастай көрінетін тіршілік көздерін үнемді пайдалану мәселелерін көтеріп, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісін тектен-тек тілге тиек еткен жоқпай. Қазақстандық білім беру саласында жасыл экономиканы дамыту, экологияны сақтау бойынша түрлі жобалар жүзеге асырылып, білім алушылардың арасында экологиялық сауаттылық артуда. Әрине, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, балаларда экологиялық сананы қалыптастыру – өте күрделі және ұзақ процесс.

Шу ауданының білім бөліміне қарасты жалпы білім беру ұйымдарында экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған “Экодизайн”, “Жас эколог”, “Экология әлемі”, “Өлкетану” сынды үйірмелер бар. Бұған қоса,

мектептен тыс 1 мекеме, яғни “Балалар-жасөспірімдер өлкетану және туризм орталығы” бар. Қазіргі таңда жалпы білім беру ұйымдары “Жасыл клуб” жобасы бойынша жұмыстар жүргізуде. Өскелең ұрпақты қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, бау-бақша егу істерімен жасын таныстырып, жасөспірімдердің биология және өсімдік шаруашылығы саласындағы білімін кеңейту және қызығушылығын арттыру, еңбекке баулып, оқу орындарын көгалдандыруға үйретуге бағытталған жобаның берері көп. Мектеп басшылығы осы арқылы биология және өсімдік шаруашылығы саласындағы білімін кеңейтуді, экологиялық қағидаттарды ұстануды және еңбекке құрметпен қарауды қалыптастыруды көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде оқушылардың әлеуметтік белсенділігі артады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын етіп, оны баптауға машықтанады. Бұл - балалар үшін өте пайдалы іс. “Жасыл клуб” мүшелері «Табиғатты аяла», «Декорбонизация и Я», «Жер амбассадорларының құрылтайы», «Таза таңы», «Гүлдер күні», «Экологиялық пошта», «Тамшы», «Менің отбасымдағы жануарлар» бағыттары бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазір суға қандай тәуелді болсақ, жарыққа да соншалықты тәуелдіміз. Өмірдің ең басты нәрі-су түгесілер болса, өмір жалғасын табады деп айту мүмкін емес. Судың көздерін де, энергия көздерін де байыппен, үнемділікпен жұмсамаса, ресурстардың шектелетін күні

жақындай бермек. Сондықтан өскелең ұрпақтың санасына үнемшілдік қағидасын бекітіп, өмірге ең керекті ресурстарды бағалай білуге тәрбиелеуіміз қажет. Осыған орай, былтырғы жылдан бастап «Балалар-жасөспірімдер өлкетану және туризм орталығының» ұйымдастыруымен, «Жер сағаты» экологиялық акциясы өткізілуде.

Экологиялық акция барысында аталған мекеменің үйірме жетекшілері ашық сабақ, тәрбие сағат, дөңгелек үстел өткізіп, тренингтар ұйымдастырып, өткізеді. Өткізілген іс-шаралар барысында экологиялық мәселелерді жасыл инновацияларды ілгерілету, қалдықтарды азайту, қайта пайдалану және қайта өңдеу, су мен электр энергиясын үнемдеу, бір рет қолданылатын пластмассалардан аулақ болу және табиғи ресурстарды сақтау үшін қалдықтарды қайта өңдеп, кәдеге жарату арқылы шешуге болатынын жеткізеді. Сондай-ақ бір мезетте жарық сөндіріліп, оқушылар соған сай әрекеттер жасады. Акция шарты бойынша сағат 20:30-дан 21.30-ға дейін жарық пен тұрмыстық электр құралдарын өшіру керек.

Қазіргі жастардың ерте жастан түрлі ауруларға шалдығуына бірнеше факторлар әсер етуде. Ең алдымен қоршаған ортаның ластануы мен қоғамның экологиялық мәселесі алаңдатарлық жағдайда. Бұл мәселелердің туындауына ең алдымен өзіміз себеп болудамыз. “Бір тал кессең, он тал ек” деген қағиданы ұстанып, ортамызды жасыл желекке орауды бала күннен санаға сіңіруіміз керек. Түрлі зауыттардың будақтаған түтіні, әрі-бері ағылған көліктерден бөлінетін улы газдар да қоршаған ортаны ластануда. Түрлі қоқыс қалдықтарын ерсілі-қарсылы шашып, жолында кездескенін еңкейіп алуға ерінетін жастар көп. Пластикалық әрі қаңылтыр құтыдағы зиянды сусындарды ішіп, шегілген темекі түкылдарын тұрған жеріне тастап, жүріп кете береді. Табиғат ананы аялауға бағытталған іс-шаралар көптеп етіп жатса да, жастар арасында тазалық мәдениеті әлі де қалыптаспаған. Сондықтан экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған жобаларды лайықты жүзеге асырып, жастарымызды жасыл экономикаға үлес қосуға баулиық!

НӘМЕТ БӘЗІЛОВ - 100

Ұстазым менің, ұстазым!

Ұстазым менің, ұстазым, Өзіңмен өткен қыс-жазым. Қалдырған ізін мәңгілік, Жадымда тұрар жаңғырып...

Ұстазым Нәмет Бәзілұлының туғанына 100 жыл толуына орай, рухына бағышталған еске алу жиынына шақырту алған күні бірден-ақ көз алдыма балдырған балалық шағым, мектепке алғаш барған күнім, сыныптан-сыныпқа көшуім, Шу ауданы, Новотроицк селосындағы сегізжылдық мектеп-интернат, сыныптастарым, ұстаз-тәрбиешілерім, Орынгүл Бахтыбекова тәтейім, әріне асқар таудай, кең иықты, ұзын бойлы, алақаны жып-жылы, көзінен мейірімі төгілген қазақтың ертегісінде кездесетін бағырлар тәрзіді үлкен, алып тұлға - Нәмет Бәзілов ағайым көз алдыма келді.

Адам баласы үшін алғаш рет өмір мектебінің, оқу-білімнің құлыптаулы тұрған есігін ашып, сені партаға отырғызып, қолыңа қалам ұстатқан тұлға мәңгі есте қалады екен...

Нәмет ағай үлкен ұжымды ұзақ жылдар басқарды. Шынымды айтсам, мен сол бала кездеріме ағайға қатысты санамда директор, басшы деген ұғым болған жоқ. Менің сол кезде көргенім де, білгенім де ағайдың керемет қамқорлығы, интернатта азық-түлік таусылса, оқу құралдары жетпесе, іс-шаралар өтетін болса, балалар ауырып қалса да, сотқар балалар төбелесіп, бір-бірін ренжітіп жатса да, балалардың туған күндері болса да әрқашан Нәмет ағай қасымыздан табылатын, барлық мәселені шешіп тастайтын.

Нәмет ағай жағрафиядан сабақ беретін. Есімде қалғаны ағайдың сабағы өте қызық өтетін. Біз бұл пәнді өтіп жатқанда соншалықты қиялғажаппақ еніп, жер шарын шарлап шығатынбыз, керемет биік тауларға шығып, айдың өзен-көлдерге шомылып, ғажайып шаһарларда болып қайтатын едік... Ағай баға қоюға келгенде өте жомарт еді, журналда кілең 5,4 бағалары қаптап тұратын. Мол алақанының саусағының ұшымен журналдағы бағаны кетіре салатын, содан шығар ағайдың саусақтарында көбінесе 5,4 санды бағалар жазылып қала беретін.

Біздің Нәмет ағай үздік оқитын, өлең тапқақты жатқа мәнерлеп айтатын, би билейтін, ән шырқайтын оқушыларға аса зор көңіл аударатын.

Есімде мәңгі сақталатын шығар осы бір жайт, менің тамағымға суық тіліп ауырып қалдым, ал біздің интернат аудандағы басқа мектептермен аудандық, содан кейін облыстық жарыстарға қатысуға тиіс болатын. Мен концерттік бағдарламаны жүргізуім және ән шырқауым керек. Ағай тәнертен күніге конкурс басталғанша үйінен маған ыстық сүтке май, бал салып әкеліп, оны өзі араластырып отырып ішкізетін. Ағайдың зайыбы Нуржәмілә апай интернатта медбике еді. Ол кісінің де жылы алақаны, мейіріммен берген шипасын алуды едік.

Иә, қадірменді жамағат, айта берсек, Нәмет ағайдан алған ұлағаттылықты, адам қасиетті, тәлім-тәрбиені бір еске алу күніне сыйғызу мүмкін емес.

Нәмет Бәзілұлының рухының алдында бас иейміз. Аяулы ағайымыз, жаныңыз пейіште болғай. Артында қалған ұлдары, қыздары, немерелері өсіп, өркенін жая берсін!

Бейсегүл ТАЛАБАЕВА,
мектеп-интернат 1964-1972
жылдары оқыған оқушыларының атынан.

Еске аламыз, жоқтаймыз, құрметтейміз!



14-қараша - Грузия КСР-нан Орталық Азия елдеріне дейін қуғын-сүргінге ұшыраған ата-бабаларымызды еске алу күні. Осыдан тура 80 жыл бұрын, яғни 1944 жылы 14 қарашада қарттар, әйел, бала-шағаларымызды суық жүк вагондарына тиеп, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанға жөнелткен еді. Бір айға жуық уақыт бойы осы суық вагондарда күн өткізіп, қажыған, тоңып шашыраған, ашыққан, ауру-сырқау қарттар, әйелдер мен балалар қайда, неліктен, қандай себеппен кетіп бара жатқанын білмей, туған жерінен, баспана ошағынан айырылды. Бірақ Алла Тағалаға деген сенім олардың жүректерінен ешқашан өшкен жоқ. Қаншама қарттар мен балалар дйттеген жеріне жетпей, суық вагондарда өлім құшып, оларды дұрыс жерлеу білай тұрсын, денесін қарға тастап жіберген кездер болды. Бұл олардың өміріндегі өте қиын күндер еді. Ахысқа түріктерінің 46 мың адамы майданға аттанып, 28 мыңы оралмады, қалғандары мүгедек болып оралды. Қуғын-сүргін кезінде 17 мың Ахысқа түріктері дйттеген жерге жете алмай, жолда қайтыс болды.

Ата-бабаларымыздың тағдырына өкініш білдіремін. Осынау сұрапыл соғыс жылдарындағы қиын жағдайда қалған ата-бабамызға пана болған, соңғы нанымен бөліскен қазақ халқына «Ахысқа» түрік этно-мәдени орталығының атынан, сондай-ақ бүкіл түрік халқының атынан шынайы және үлкен алғысымды білдіремін. Баршаларыңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт пен игілік, барлық бастамаларда сәттілік тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуіне тілектеспін. Әрқашан достығымыз нығае берсін, аспанымыз ашық, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Кушал ГҮСЕЙНОВ,
«Ахысқа» түрік этно-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
Шу филиалының төрағасы.

ШУ Өңірі

Меншік иесі:
«Шу аудандық баспасы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Сембікүл Джандосова

Бас редактор – Ерғали Қартайған

Бас редактордың орынбасарлары –
Динара Батырхаирова,
Руслан Исаков

Мекенжайымыз: 081100, Төле би ауылы, Төле би көшесі №264 үй, телефон: 3-29-14

Тілшілер:
Байжан Емберді – baizhan-91@inbox.ru
Айғаным Асқарбек – aigan-rymbekovna@mail.ru

Газетке жазылу индексі:
жеке тұлғалар үшін – 81100;
мекемелер үшін – 81102

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2012 жылғы 23 қарашада тіркеліп, №13184-Г куәлік берілген

e-mail: shuskaya_dolina@mail.ru

www.shuoniri.kz

Мақалаларды рұқсатсыз алуға жол берілмейді.
«Шу өңірі» газетінің сілтемесін міндетті түрде көрсетілуі қажет. Редакция мақала авторының көзқарасына, жарнамалар, көңіл айтқулар және құттықтаудағы өлең жолдарының мазмұнына жауап бермейді

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері қазақ және орыс тілдерінде аралас шығады. Форматы - D2. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Газет «Үміт» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің баспаханасында басылды. Тараз қаласы, Ташкентская көшесі №36 үй

Жауапты кезекші: Динара Батырхаирова

Оператор-дизайнерлер: Светлана Қожамұратова, Назгүл Байбашаева

А)Материалдың жариялану ақысы төленген

Таралымы: барлығы – 2943

Тапсырыс: №116